«ЖАҢААРҚА АУДАНЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ АКТИВОВ И ЗАКУПОК ЖАНААРКИНСКОГО РАЙОНА»

100500, Ұлытау облысы, Жаңаарка ауданы,
Жаңаарка кенті, Тәуелсіздік даңғылы, 2/1 үй
Тел/факс: (71030) 2-86-98
эл.мекенжай: gosaktiv_zhanaarka@mail.ru
ЖСК KZ3307010KSN3022000 БСК KKMFKZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ
БСН 170140009446

100500, область Ұлытау, Жанааркинский район,
поселок Жанаарка, проспект Тәуелсіздік,2/1
Тел/факс: (71030) 2-86-98
эл. адрес: gosaktiv_zhanaarka@mail.ru
ИИК KZ3307010KSN3022000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 170140009446

30.04.2026 № 01-09/75

"Қайырлы амал" мүгедектер қоғамдық бірлестігі
БСН: 250240015500
Мекен жай: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы
Т.Рысқұлов көшесі, 190 үй

Лот №85918752-ОК1, хабарландыру №16779507-1 «Жаңаарқа кентінде футбол алаңын орнату – 2 дана» мемлекеттік сатып алуы бойынша веб-портал арқылы жіберілген шағымды қарастыра келек «Жаңаарқа ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды:

"Адам қоғам" республикалық мүгедектер қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай – «Адам қоғам» РМҚБ) берген өтінімдері қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда: №22-25 жалға алу шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Кодекс) 393-бабындағы «1. Тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда **келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі**» делінгенге сәйкес тараптар келісімге қол жеткізген. Сіздің техникаларды жалдау жөніндегі 23 сәуір 2026 жылғы №5 келісім-шартыңыздағы сияқты «Адам қоғам» РМҚБ техникалардың жалдау ақысын келісілген деп белгілеген.

Жалға берушінің жеке куәлігінің түп нұсқасының көшірмесі жөнінде: «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» Қағидасының 76 тармағына сәйкес «Егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Материалдық ресурстарды жалға алған жағдайда қосымша **жалдау шартының электрондық көшірмесі** ұсынылады. Бұл ретте, шарттар бойынша

жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімінен кем емес» деген талабына сәйкес «Адам қоғам» РМҚБ техникалардың жалдау келісім шартының көшірмесін қамтамсыз еткен.

Келісім-шарттың дауын Атырау сотында шешу жөнінде: Қазақстан Республикасының кез-келген аумағында орналасқан соттың шешімі республика аумағында орындалуға міндетті. Сондықтан тараптар өз ыңғайына қарай дауды шешу жолдарын қарастырған.

№50-26 жалға алу шарты бойынша ұсынылған техниканы жалдау бойынша келісім-шартта техникалық паспорттың тек бірінші беті ғана көрсетілгендігі жөнінде: Қазақстан Республиукасының Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 17 қазандағы «Жүргізуші куәлігі мен көлік құралын тіркеу туралы куәлік бланкілерінің нысандары мен үлгілерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес көлік құралын тіркеу туралы куәліктің бірінші беті барлық ақпаратпен қамтамасыз етілген. Сондықтан аталған құжат жарамды және барлық құжаттар біліктілік талаптарына сәйкес деп есептейміз.

Конкурсқа ұсынылған №45 жалға алу шартында жалға берушінің ат-жөні толық жазылмау туралы: 1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 29 бап, сіздің көрсеткен 38 бабыңыз табылмады. 2. Автогидрокөтергішті жалдау келісім-шарты «BAQDAULETFERRUM» жеке кәсіпкерімен жасалған. Ал оның өкілі ретінде Сіздің техникаларды жалдау жөніндегі 23 сәуір 2026 жылғы №5 келісім-шартыңыздағы сияқты Молдабек Б.Y өкілі ретінде көрсетілген. Сіздің келтірген дәйектеріңіз расталмады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 25 бабы 2 тармағына сәйкес бірыңғай ұйымдастырушы шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдады.

Сіздің каперіңізге оеы заңның 25 бабы 3 тармағына сәйкес бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасау мүмкіндігіңіз бар екендігіңізді ескертеміз.

«Жаңаарқа аудының мемелкеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ басшысы **А.Икенов**

Орындаушы: А.Бекмухамедова
Телефон: 8 (710-30) 2-86-98